

ұғымын Д. С. Лотте енгізді: «Тәуелсіз мағынасы бар және қарапайым немесе күрделі терминнің құрамына кіретін сөздер» [7, 84].

Грек және латын кірме бөлшектерін қолданылуы мен кең таралуына оның ұзақ уақыт бойы пайдалану дәстүріне байланысты. Олар классикалық тілдердің лексикалық және сөзжасамдық қазынасынан алынады. Олардың мағынасы тірі тілдердегідей дамымайды, сондықтан олардың терминологиялық семантикасы алдыңғы қатарға шығады, бұл бірдей кірме компоненті бар будан қосылыстардың барлық серияларын құруға және өзара байланысты терминдер кешенін құруға мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, қазіргі салалық терминологияда, оның ішінде көлік және қатынас жолдары салалығында будан терминдердің саны күннен күнге артуда. Біз зерттеу жұмысымызда көлік және қатынас жолдарын саласында кездесетін кейбір будан терминдердің этимологиясын зерттеп, дефинициясын көрсетіп, басқа салалардағы қатысын анықтадық. Будан терминдерді сала-сала бойынша жинап алып, терминжасамдағы үлесін анықтау әлі де зерттеулерді қажет етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қалиұлы Б. Қазақ терминтанымның өзекті мәселелері. – Алматы, 2008, 160 б.
2. <https://qamshy.kz/article/48420-tildegi-gibrid-budan-sozderdinh-dgasaluy-dgane-dganha-emle-eredgelerindegi-dgazy>
3. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография. Алматы: «Сардар», 2014. - 928+16 жапсырма б.
4. Құрманбайұлы Ш. Терминологиялық сөздік жасауға арналған әдістемелік нұсқаулық. – Астана, 2018.
5. Duden. Deutsches Universalwörterbuch. – URL: www.duden.de
6. Ахманова О. С. Словарь лингвистических терминов. – 2-е изд., стереотип. – М. : Едиториал УРСС, 2004. – 576 с.
7. Лотте Д. С. Вопросы заимствования и упорядочения иноязычных терминов и терминологических элементов. – М. : Наука, 1982. – 152 с.

ӘОЖ 81'373.46

МЕДИЦИНА САЛАСЫНДАҒЫ ТЕРМИНДЕР

Әсет Ботагөз

bota-1999@list.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 4-курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Г.Мамаева

Қазіргі таңда медициналық терминдер ұлт тіліне аударылуда, оған көптеген ғалымдар ат салысуда. Бірақ әлі күнге дейін орыс тілінен енген терминдер басым болып тұр. Медицина терминдерінің қазақ тілінде қалыптасуында назар аударатын мәселелердің бірі – әдеби тіл нормасынан ауытқуы. Медицина тілі – өте күрделі тіл. Медицинадағы барлық терминдерді ұлт тіліне аудару мүмкін емес. Түпнұсқа тіліндегі терминді ұлт тілінде жеткізу үшін көп жұмыс істеу керек. Соның арқасында көп терминдер аударылып, термин болып қалыптасуда. «Біле білген адамға сөздік дегенің асыл қазына» – деп ақын Қадыр Мырза Әлі айтқандай, терминология саласында сөздіктердің орны ерекше. Терминологиялық сөздік жасауда атақты ғалымдар А. Сызғанов, Х. Барлыбаев, И. Қаракұлов, С. Қарынбаев елеулі еңбек сіңірді.

Медицина саласындағы 2014 жылғы салалық терминологиялық сөздігінде 12000 астам терминдер берілген. Терминолог ғалым Ш. Құрманбайұлы қазіргі терминжасам және термин қолданысының мәселелері төңірегінде көптеген еңбек жазды. Ғалым өткен ғасырдың жиырмамыншы жылдары Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, Х. Досмұхамедұлы, Н. Төреқұлұлы, Е. Омарұлы, Т. Шонанұлы бастаған Алаш зиялылары ұлттық терминологияны дамыту қағидаттарын бекітіп, терминжасам жүйесінде үлкен жұмыстар атқарған деп есептейді.

Зерттеу барысында тілдің өзіне тән заңдылықтары, қағидаттары мен жалпы ұстанымдарын сақтай отырып, медицина терминін жасауда тілдің кей деңгейлерінде нормадан ауытқу ұшырасты.

Терминнің бірмағыналылығыны жөнінде Ш. Құрманбайұлы былай дейді: «Термин негізінен бір арнаулы сала ішінде ғана бір мағынаны білдіруі, синонимдерінің болмауы керек. "Бір таңбаланушыға — бір таңба, бір таңбаға — бір таңбаланушы" сәйкес келуі керек деген қағидаттан туындаған бұл талапты орындауға салалық мамандардың қай-қайсысы да мүдделі. Кейде бұл талаптың да орындалмай қалып жататындығын кездестіруге болады» [1,10]. 2014 жылғы салалық терминологиялық сөздігінде бұл талапқа сәйкес келмейтін сөздер бар.

Мысалы:

№ 1-кесте

	қазақша	орысша
	айығу, сауығу	исцеление
	бұзылу, шіру	разлогаться
	ауыспалы, өзгермелі	переменный
	дене тұрысы, кейпі	поза
	елеулі, маңызды	существенный
	есту, тыңдау	выслушивание
	есірткі құмарлық, нашақорлық	наркомания
	есірік, талма, ұстама	истерические приипадки
	жәрдем, көмек	помощь
	жындану, есі ауысу	сумашествие

«Термин атаудың өзі белгілейтін ұғымның мазмұнын қамтып, ұғымның негізгі басты белгілерінің термин мағынасы арқылы берілуі. Терминологиядағы шарттылық тұрғысынан келгенде бұл талап та үнемі орындала бермеуі мүмкін. Біз термин мағынасының дәлдігі туралы сөз қозғағанда бұл талапты оның дефинициясының дәл берілуіне қатысты қойған дұрыс деп пайымдаймыз» деген Ш. Құрманбайұлының термин мағынасының дәлдігі туралы пікірін негізге алдық [1,10]. Осыған орай, 2014 жылғы салалық терминологиялық сөздігіндегі осы талапқа сай келмейтін омоним сөздер анықталды.

№ 2-кесте

	омонимдер	
	арқа-спина	арқа, сырт-тыл
	беріш-склероз	беріш, цирроз-цирроз
	бейімделу-адаптация	бейімделу-приспособление
	бекіту-закрепление	бекіту, ұстату-фиксация
	белгі-признак	белгі, дабыл-сигнал
	бетсүйек-кость скуловая	бетсүйек-скуловая кость
	биіктік ауруы-высотная болезнь	биіктік ауруы-болезнь высотная
	буылтық-валик, луковица	буылтық, жуандау-утолщение
	бүгу-флексия	бүгу (бұлшықетті)-сгибание

0	бұрқу-впрыскивание	бұрқу, себу-попрыскать
1	бітелу-заращение	бітелу ,тығындау-закупарка
2	біту, жазылу-заживление	біту ,репарация-репарация
3	дәрігер-врач	доктор, дәрігер-доктор
4	екпе-вакцина	екпе, егу-прививка
5	ес, ақыл, парасат-разум	ес, пайым-рассудок
6	ентігу -задыхаться	ентігу, алқыну-одышка; диеноэ

Ш. Құрманбайұлының терминнің қысқалығы немесе ықшамдылығына байланысты пікірі мынадай: «Бірнеше сөздің тіркесуінен тұратын көп сыңарлы терминді ұғым атауы ретінде, атаусөз ретінде қолдану қолайлылық туғыза бермейді. Атау сөздердің қысқа да нұсқа болғаны жақсы-ақ. Тіл үнемділікті ұнатады. Тіліміздегі көптеген көп құранды тіркестердің лексикалануы, біріккен, кіріккен сөздердің пайда болуы, күрделі атаулардың ықшамдалуы осы үнем заңының талаптары. Алайда терминологияда бұл талап үнемі орындала бермейді. Терминологиялық тіркестер, терминдер жүйесінде көптеп кездеседі. Терминнің көп құрамдылығы оның кемшілігі емес, қайта ондай атаулардың ұғым мазмұнын дәл беру тұрғысынан артықшылықтары бар деп санайтын ғалымдар да бар. Бұл тұрғыдан келгенде «Термин мағынасының дәлдігі оның қысқалығынан маңызды. Сондықтан да терминнің көп сыңарлы болуын оның кемшілігі деп есептеуге болмайды. Егер қандай да бір ұғым бір-бірімен өзара жақсы үндескен сөздерден тұратын тіркеспен аталса, онда ол терминнің жүйелілігін және сол ұғымның өзге ұғымдармен байланысын көрсетеді»[1,10]. Осы пікірді назарға ала отырып, 2014 жылғы салалық терминологиялық сөздігіндегі бұл талапқа сай келмейтін төмендегідей сөздерді анықтадық.

№ 3-кесте

	қазақша	орысша
	айырша безді алып тастау	тимэктомия
	алақан сүйектерінің сүйекаралық буындары	суставы межпаястные
	алып жақсүйек	макрогнатия
	анабез мен атабездің бірге дамуы	оватестис
	тұмаудан дамыған менингит	менингит гриппозный
	дәрінің қанға сіңгеннен кейінгі әсері	резорбтивное действие лекарства
	жабысудан болған бүйірқалта	дивертикул спаечная
	жайбарақаттандыратын заттар	средства седативные
	ешқашан бастан өтпеген жағдай	никогда не пережитого симптом
	құлақтың бітеліп қалғандығы	заложенность уха

Ұлттық медициналық терминологияның қалыптасуы мен даму ерекшелігіне қарай қазақ медицина терминдік лексикасының тарихы өте ерте заманнан бастау алған. Бұған дәлел – бұдан бес ғасыр бұрын өмір сүрген шипагер, ғалым Ө. Тілеуқабылұлының өз тәжірибесінен 1467 жылы медицина туралы жазған «Шипагерлік баян» атты еңбегі. Бұл еңбекті ғалым Жәнібек ханның тапсырысымен жазып бастаған. Кітабында өзінің аты-жөнін ғана атап, өмірбаянын

жазбаған. «Шипагерлік баянда» – жүрек, ми, сөл (адам организмінен бөлінетін), т.б. мүшелердің адам организмінде алатын рөлі, күйік, үсікті емдеу, тамыр ұстау сияқты өзекті мәселер айтылған[2]. Осы кітапты оқи келе, 2014 жылғы салалық терминологиялық сөздігінде кейбір сөздерді қарастырдық. Себебі Ө. Тілеуқабылұлының еңбегіндегі сөздердің мағынасы өте жақсы ашылған. Мысалы:

№ 4-кесте

медицина сөздігіндегі сөздер	«Шипагерлік баян» кітабында
ми ауысу	естік толған
дәрі-дәрмек	зәруат
қан	балауыз
жарық сынығы	жарықсақ
микроб, микроб тасушы	жұқтырушы
аяқ	жүрім
жан,адам	жарамды
зақым	зақпалы
ұрық (аталық)	киегелік
жындылар,жүйкесі ауыратындар	көңіл күй ауысқылылар
көкжөтел	көгерме
тері тоқыметтілер	қаптек
құлақ	қосқұл
есту, құлақ	қосқұлдама
қарақотыр	қарақақпыш
дыбыс, үн	ләм
ми	мияқ
өлі адам денесі	мүрде
шала ақымақ	милау
жүрек	мүше қаһарқақ
ми	мүше мияз
мең, қал	меңдеме
көз	тантал
түк	түктеме
талма ауру	талық
тұмау	түншығыштық
жөтел	тұмпышақ
жөтелгіш,тынысы тарылғыш	телшеңдік
ұшық, ұшыөпен ауырғандар	ұшықжық жабыспалар
қол	ұйықтама
созылмалы аурулар	ілігішті науқас
балиғатқа толмаған	асыңқы мүшел

Сонымен қатар сөздікте ұлт тіліне *сәтсіз* жасалған термин кездесті. Ол төмендегі кестеде берілді.

№ 5-кесте

№	қазақша	орысша
1	жүзген	жузгун

Ұлт тіліне орыс тілінен аударылмаған терминдер:

№ 6-кесте

	қазақша	орысша	біздің нұсқамыз
	А		
	аккомодометр	аккомодометр	аспап
	ақылсыздану	безумствовать	глупеть; дуреть
	ана мен бала қорғау институты	институт охраны материнства и детства	институт охраны материнства и детей
	анемия	анемия	қан аздық
	Б		
	бальзам	бальзам	шипамай
	В		
	вена	вена	көктамыр
	Г		
	геморрой	геморрой	көтеу
	Д		
	депрессия	депрессия	жабығу; торығу
0	диабет	диабет	сусақ; сусамыр; шажырқай
1	долдану	истерия	байбалам
	Е		
2	емдеу	выкормить	вылечить
	Ж		
3	жүректің салыстырмалы түйық дыбысты шекаралары	границы абсолютный сердечный тупости	жүректің абсолютті түйық дыбысты шекаралары
	И		
4	инстинкт	инстинкт	түйсік; ырықсыз сезім; сезік
5	истериялық қиял	фантазия истерическая	есірік қиял
	Й		
6	Жоқ		
	К		
7	капилляр	капилляр	қылтамыр
8	кретинизм	кретинизм	меңіреулік
9	курорт	курорт	шипажай
	Қ		
0	қандауыр	зубчатка	скальпель(Қандауыр сөзі бұрыннан бері бар сөз, скальпельдің аудармасына балама. Ортақ белгілер:1) екеуі де пышақ 2) екеуінің

			формасы шағын кішкене 3) қызметі кесу 4) емшілер, хирургтер қолданады диалект сөз
	Л		
1	логопед	логопед	сөйлеу тілінде кемістігі бар балаларды түзетуге көмектесетін маман
2	лупа	лупа	күнтартқыш; үлкейткіш әйнек
	М		
3	мания	мания	сезімнің түршігуі; психикалық ауру
4	массаж	массаж	ұқалау; сылау
5	менингит	менингит	делбе; миқұрт
6	мутация	мутация	өзгеріс
	Н		
7	наркоз	наркоз	ұйықтату
8	остеит	остеит	сүйек тінінің қабынуы
	Ө		
9	өсірінді	культура	мәдениет
	П		
0	паразит	паразит	тоғышар
1	патогенез	патогенез	арудың пайда болуымен даму барысы
2	плексит	плексит	өрім
3	препарат	препарат	дәрі-дәрмек
	Р		
4	рецепт	рецепт	дәріқағаз
	С		
5	сегмент	сегмент	буынтық
6	стоматит	стоматит	ауыз уылуы
	Т		
7	таблеткалар	таблетка	дәрі

8	тромбоз	тромбоз	қан ұйысу, қан ұю
	У		
9	уақытша жеңілдік беретін операциялар	паллиативные операции	уақытша жеңілдік беретін оталар
	Ү		
0	үн	тон	дыбыс
	Ф		
1	фермент	фермент	ұйытқы
2	флегмона	флегмона	бітеу жара; дүнк
3	флюс	флюс	ісік
	Ц		
4	ыдырау	лизис	расползаться
5	эндоскопиялық операциялар	операций эндоскопические	эндоскопиялық оталар
6	эпилепсия	эпилепсия	қояншық

Қорытындылай келе, 2014 жылғы салалық терминологиялық сөздігін зерттей келе ұлт тіліне аударамыз деп кейде мағынасы келмейтін аудармалар, мағынасын келтіреміз деп жарыспалы атаулар (мысалы, синергизм деген сөзді селбесу, бірлесу, қатарласу, үйлесім, ұштасу, септесу деп, «спазмды» – түйілу, тарылу, тырысу, бырысу, жиырылу) кездесті. Тағы да бір жиі кездесетін қателік – басқа тілден енген дербес ұғымдық мәні әртүрлі терминдерді қазақтың бір-ақ сөзімен атай салу. Мысалы, бір сөздікте кома – естүссіздік, сопор – естүссіздік деп аударылған. Сондықтан әлі де медицина сөздіктерін түзуде, сөздерді мағынасына қарай дұрыс аудару қажет деп ойлаймыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Құрманбайұлы Ш. Терминкор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері (Барлық сала мамандарына арналған әдістемелік құрал) . – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2005. – 240 б.
2. Тілеуқабылұлы Ө. Шипагерлік баян. – Алматы: Жалын, 1996. – 464 б.
3. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік. Медицина:12000-ға жуық термин (жалпы ред.басқ. М.Б. Қасымбеков:ғыл.жетекші А.Қ. Құсайынов). – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2014. –532 б.

ӘОЖ 81

ТІЛ ЖӘНЕ ОЙЛАУ

Батырхан Жансая Бекжанқызы
zhansaya36@mail.ru